

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
Мемлекеттік Медицина Университеті

Тақырыбы: Психикалық және наркологиялық  
науқастарға жүргізілетін экспертиза түрлері

Дайындаған: Зинолла Г.Б

Тобы: 616 гр, жтд

Тексерген: Бақбергенова А.Ж

- Сарапшылар алдында аурулардың еңбекке қабілеттілігіне баға берілген кезінде олардың еңбекке қабілетсіздігінің ұзақтығы туралы сұрақ қояды. Сарапшыға аурудың еңбекке қабілеттігі туралы сұрақты шешу үшін науқастың әлеуметтік-еңбектік тәртібі жайында мәліметтер керек және сараптау кезінде оның клиникалық жағдайында дұрыс баға беру керек. Сарапшы еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі немесе тұрақты жоғалуын анықтай келе оның дәрежесінде анықтауы керек.

- *Психикалық бұзылыстардың дамуына , клиникасына, болжамына жас факторы үлкен әсер ететіндіктен психиатрия мен наркологияда балалар, жасөспірімдер психиатриясы мен геронтопсихиатрия(егде жастың психиатриясы) сияқты бөлімдер бар. Психиатрия көптеген қоғамдық қызметтерді атқарады, солардың ішінде ең маңыздылары - сараптамаларды өткізу.*

- Сараптама

- Психопатиямен зардап шегетін адамдар, ереже бойынша еңбекке қабілетті. Психопатия кезіндегі еңбекке жарамдылық мәселесі декомпенсация кезеңінде көтеріледі. Бірақ бұл бұзылыстар, ереже бойынша, уақытша сипат алады. Тек паранойяльды психопатиялар еңбекке қабілеттіліктің тұрақты бұзылуына алып келе алады.
- Психопатия формасына сәйкес психопатиялық тұлғаларда еңбектің кейбір түрі мен жағдайы олардың әлеуметтік бейімделулеріне көмектесе, ал екінші бір түрлері – бұзады. Ереже бойынша олар қатардағы әскер қызметіне жарамсыз, ал қатардан тыс әскер қызметіне жарамды болып табылады.

- ӘСКЕРИ-Дәрігерлік сараптама-жүйкелік-психикалық аурулармен науқастар үшін жалпы әскери-дәрігерлік экспертизаның бөлігі болып табылады. Әскери-дәрігерлік сараптаманың азаматтық сараптамамен салыстырғанда өзіне тән өзгешеліктері бар. Еңбектік сараптама жүргізу кезінде психикасында шамалы ауытқу байқалған кезде реабилитациялық мақсатта ондай адамдарды қоғамдық пайдалы іске баулу, еңбекпен емдік-профилактикалық әсер ету, әлеуметтік деградациясының алдын алу ұсынылады. Әскери жағдайда мұндай міндеттерінің орындалуы мүмкін емес, әскери міндетті орындау әскери қызметті өтеушінің еңбек етуі мен демалысын бөлек қарауға мүмкіндік бермейді. Бірінші ретте бүкіл әскери ұжым үшін маңызды міндетті шешу, қатал тәртіп пен режим, осындай жағдайда азаматтық өмір жағдайында компенсациялануы мүмкін психикадағы әрбір ауытқу немесе мінездегі ауытқулар әскери міндетті орындауды мүмкін емес етеді. Жүйкелік-психикалық ауруларға әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу кезінде білім деңгейіне талап қоюдың жоғарылауы, әскер қатарына шақырылатындардың техникалық дайындығына талаптың жоғарылауы және өз бетінше шешім қабылдай алуға қабілетті ескерілуі керек.

- СОТТЫҚ-психиатриялық сараптама – ауыр психикалық аурулармен зардап шегетін науқастар өздерінің істеріне есеп беруге және оларды басқаруға қабілетсіз болғандықтан қабілетсіз болып табылады және психиатриялық ауруханаға жолданады. Аз үдемелі, баяу ағымды және постпроцессуалды психопатия тәрізді жағдайлар сараптамасы айтарлықтай қиындықтар туындатады. Науқастың психотикалық күйде жасаған азаматық актарының заңды күші болмайды. Басқа жағдайларда науқасты қабілетті деп мойындау мүмкіндігі бар.
- Соттық-психиатрия сараптамасы кезінде психопатиямен науқастар қабілетті болып танылады және қылмыстық іске жауапкершілікке тартылады. Тек тұлғаның терең психопатиялық өзгерістерінде, яғни күйі психотикалық жағдайға теңестірілгенде қабілетсіз деп танылуы мүмкін.





























